

дәлелденді. Осы арқылы біз қазақ халқының ұлттық ғалам бейнесін айшықтағанын аңғардық. Өз танымы арқылы қоршаған ортаны, ойды қабылдауы құрамында сөз компоненті негізгі рөл атқаратын ұлы ақын шығармалары негізінде анықталып, дәлелденді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Пименова М.В. Предисловие // Введение в когнитивную лингвистику. Под ред. М.В. Пименовой. – Кемерово, 2004. – 208с.
2. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Тоғанай Т, 2004, 560 б.
3. Lakoff G., Johnson M. Metaphors We Live By. – Chicago & London, 1980.

«АБАЙ» ЖУРНАЛЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

*Қурманова З.К.,
С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ.*

«Абай» журналы жөнінде біраз деректерді қазақ баспасөзін зерттеушілердің ғылыми мақаларынан табуға болады. Иргелі басылымдар «Қазақ», «Айқап», «Түркістан уәләяты» газеттері зерттелсе, ал «Абай» журналы осы уақытқа дейін терең зерттеулер жасалмаған.

«Абай» журналын шығу жөніндегі алғашқы ұсыныс қазақ зиялы қауымы арасында 1914 жылы қабылданған болатын.

Егер алғашқы жасалған ұсыныс кезінде журнал Абайды құрметтеп, атын тарих жүзінде нығайтуға, қазақ қоғамындағы жан-жақты тұлғаның шығармашылығын насихаттауға бағытталған болса, бірінші нөмірінен басылымның әлеумет, саясат, экономика сияқты да қоғамдық маңызы зор тақырыптарға назар аударылатын байқалады.

«Абай» журналы 1918 жылдың 4 ақпанында ғана Семей қаласында шыға бастады. «Абай» журналының өз меценаты болған. Ол Семей қаласындағы ет және тері өнеркәсібінің негізін қалаушы, Мәскеуден алған бірінші гильдияды көпес құжаты бар аса бай миллионер саналған Қаражан Үкібаев 2]. «Абай» журналының негізін қалаушылар, әрі шығарушы редакторлары болып Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов қызметтерін атқарды. Сол кезде Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов «Алаш» газетіне бірігіп «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақала дайындаған болатын.

«Абай» журналының қазақ демократиялық баспасөзі мен Алаш идеясын жақтағанын Тұрар Рысқұловтың деректерінен көруге болады. Тұрар Рысқұлов 1926 жылғы «Из прошлого казахской интеллигенции» мақаласында 1905 жылы Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялы қауымының Ресей отарлық езгісіне қарсы «Қарқаралы» петициясын

қабылдап, Ресейдегі ірі саяси күштердің бірі кадет партиясының қазақ бөлімін құрғаны, кейін «Серке», «Айқап», «Қазақ» газет-журналдары арқылы халықты білім мен мәдениетке үндеп, ұлттық ой-сананы оятуға ұмтылғандығы жайында жазады.

«...С 1913 г. по 1916 г. движение казахской интеллигенции ширится и получает известное оформление путем организации повсеместно разных культурных кружков и т.п.

После Февральской революции эта националистическая интеллигенция организуется уже в политическую партию «Алаш» газета «Қазақ» становится главным органом этой партии. К этому времени, кроме газеты «Қазақ» появляются и другие газеты и журналы, из которых можно отметить следующие: «Сары-Арка» (Семипалатинск), «Бирлик туы» (Ташкент) главный орган туркестанского отделения «Алаш-орды», начатый Чокаевым, «Уран» (Астрахань), «Жас азамат» (Петропавловск), «Абай» (Семипалатинск). Все эти газеты и журналы придерживались линии газеты «Қазақ» и были ее отделениями...

... По примеру кадетов и меньшевиков на страницах казахских газет ведется кампания против передачи власти Советам, восхваляется временное правительство, указывается на необходимость продолжения войны до победного конца...» деп айтылған («Советская степь» газеті, 1926, 2 маусым, № 123).

«Абай» журналын шығарушылар – Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов – «Екеу» деген лақап атпен қол қойған.

Жүсіпбек Аймауытовтың журнал бетіндегі аса назар аударарлық мақалаларының қатарына «Ұлтты сүю», «Журнал туралы» және «Тәрбиені» жатқызуға болады. «Ұлтты сүйеде», мысалы, автор қазақ зиялы қауымын өзін-өзі тәрбиелеуге, қара халықтан қашпай, араласып, оларды алаңдатып жүрген тақырыптарды үнемі сұрастыруға, қоғамдағы өзгерістер жайлы үнемі хабардар болуға үгіттейді.

Мұхтар Әуезовтің басылым беттеріндегі ерекше атап өтетін мақаласы – «Ғылым тілі». М. Әуезов бұл мақаласында жаңа тілге көшу мәселесін қозғап, қай тілге көшу арқылы өркениетке жету жолдарын қарастыру керек екенін сөз етеді.

«Абай» журналында шығарушы редакторлардан басқа Шәкәрім Құдайбердиев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ақылбай Абайұлы, Шынжы Керейбаев, Ғабдолла Байтасов, Сәбит Дөнентаев, Ғұмар Қарашев, Мағжан Жұмабаев, Смағұл Садуақасов, Халел Досмұхамбетов, Мәннан Тұрғанбаев, Сейітбаттал Мұстафиндардың өлендері мен публицистикалық мақалалары жиі жарияланып отырды.

Сәбит Дөнентаевтың «Қазақ әйелдері туралы» мақаласы сол замандағы қоғамдағы әйелге деген көзқарас, әйелдер құқығы жөніндегі ойлары толы еді. Осы мақалаларында автор қазақта қалыптасып кеткен қыз баланы оқытып, оның сауатын аштыру туралы, қоғамда орнаған «әйелді оқытудың қажеттілігі» туып отырғаны жөнінде сөз етеді.

Абай журналының барлық санында бүркеншік атпен жарияланған мақалалар кездеседі, содан басқа да проблемалық тақырыптар ғана емес, әдеби шығармалардың өзінде псевдоним қолданылған. Журналдың басылым беттерінде М.Ә., Жас түрік, М.Т., А.Б., Ә., Сарыарқа, Е.И., Мұхтар және тағы сол сияқты лақап аттар кездеседі.

«Абай» журналында редакция тарапынан басылым айына екі рет шығады деп көрсетілген, бірақ соңғы уақыттарында бір рет айына шығып отырған. Журналдың кейбір сандарында 16, 17 бет болса, кей сандарында 21 бетке дейін жарық көріп отырған.

Алашорда үкіметі құлағаннан соң «Абай» журналы да 1918 жылғы 11 қарашада жабылады.

Ал 1992 жылы Тәуелсіздік алғаннан бастап «Абай» журналы қайта шыға бастайды.

1992-2000 жылдары әдеби зерттеу, этнографиялық, фольклорлық, естеліктер мен талдамалы мақалалар шығып тұрды. Қазіргі уақытта шет тіліндегі шығармалар мен ғылыми мақалалар, қазақ туындыларының аудармалары жаряланып тұрады.

«Қазіргі «Абай» журналы 68 айдар аясында ақпарат береді, оларды шартты түрде төртке бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа ұлы тұлғалар туралы ақпаратқа, олардың өмірі мен қызметіне шолу жасауға басты көңіл бөлетін айдарларды жинасақ, екіншісінде тарих пен этнографияны зерттеу, сонымен қатар қазіргі қоғамның проблемалық салаларын талқылауға бағытталған, ғылыми еңбектер мен салмақты сараптамаға басымдық беретін айдарлар болмақ» [2].

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 <http://yvisio.kz/ekpin/>
- 2 <https://kk.wikipedia.org/>

АБАЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАРЫ

*Маманова А.Ш.,
С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтанқ.*

Әр мемлекеттің болашағының баянды болуы бүгінгі жастар болмысының ертең қалай қалыптасарына байланысты екендігі мәлім. Дөңгеленген дүниені тану жолында дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат ретінде мойындалған бұл процесс, тәуелсіздік қалыпқа бейімделген жас мемлекеттердің өмірінде үлкен орын алады. Ендеше, қарқынды еліміздің дамуына жастар өзін-өзі жан-жақты көрсете білгенде ғана қол жеткізе аламыз. Дегенімен жастардың өздерін көрсетіп, биік шыңдардан көрінуі